

№ 4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

Бұйрық № 350 т 1

Мәртөк с.

28.11.2024 жыл

*Кемшіліктер мен ескертулерді
жою туралы*

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-не 2024 жылдың 8-18 қараша күндері жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер мен ескертулерді жою мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1.Бағалау өлшемшарттарының 12.2 тармағы талабына сәйкес болмай «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз-дағы №348 бұйрығы 2 қосымша 2-тарау 21,22-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 11,23,25-тармақтарына сәйкес емес, 2024-2025 оқу жылында инварианттық компонент бойынша 1«А» сыныбында бейнелеу өнері пәніне 25.09.2023 күнгі сабақ тақырыбы жазылмаған (Пән мұғалімі -Айсинаға А.), 5«Ә» сыныбында қазақ әдебиетінен 03.09.2024, 05.09.2024, 12.09.2024, 19.09.2024 күндері (Пән мұғалімдері -Әліпбайға Д., Демегенов Т.), 5«А» сыныбында қазақ әдебиетінен 03.09.2024, 05.09.2024 күндері (Пән мұғалімі – Абдуллинаға К.), 7«Ә» сыныбында қазақ әдебиетінен 03.09.2024 күнгі (Пән мұғалімі –Әліпбайға Д.), 6«А» сыныбында ағылшын тілі пәнінен 02.09.-12.09.2024 аралығында (Пән мұғалімі -Калмановаға М.) оқу бағдарламасын уақытылы толтырылмағаны үшін ескерту берілсін;

2.Бағалау өлшемшарттарының 12.7 тармағы талабына сәйкес болмай Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 3-тарау 29 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 3-тарау 41 тармағына сәйкес салмай,

2024-2025 оқу жылында 4«А», 4«Ә» сыныптарында «Қазақтың ұлттық ойындары», 5«Ә» сыныбында «Қозғалмалы ойындар», 7«Ә» сыныбында «Спорт ойыны баскетбол», 8«Ә» сыныбында «Баскетбол» (Пән мұғалімі- Каламгазінге Б.) вариативтік компоненттің қыркүйек айы бойынша «BilimClass» электронды журналында оқу бағдарламасы толтырылмағаны үшін ескерту берілсін;

3.Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Т.Канатбаеваға, директордың бейінді оқыту бойынша орынбасары Б.Кубеновке, «BilimClass» электронды журналының уақытылы, сапалы толтырылуы мақсатында педагогтармен әдістемелік семинарын ұйымдастыру міндеттелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Пән мұғалімдерінің түсініктемелері.

Мектеп директоры:

Бұйрықпен таныстым:



Б.А.Абдуллина

Г.Т.Канатбаева

Б.А.Кубенов

А.Айсина

Д.Эліпбай

Т.Ж.Демегенов

К.Абдуллина

Б.Каламгазін

М.Калманова